

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігіҚазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің м.а. 2024
жылғы 28 маусымдағы № 165
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылғы 28
маусымда № 34642 болып тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының төртінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін
атқарушы**

**Е.
Оспан**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 165 бұйрығымен
бекітілген

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтардың тізімі**

1. «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22
ақпандағы № 50 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 8390 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің
номенклатурасында:

2-тармақта:

6) тармақшаның он екінші абзацы алынып тасталсын;

7) тармақша мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:
«желілік мектеп.»;

10-тармақта:

8) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) балалардың бейінді лагері (күндіз болатын лагерь, шатырлық, киіз
үйлі).»;

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

«13. Білім берудің білім беру-сауықтыру ұйымдары:

1) жыл бойы немесе маусымдық қолданыстағы балалардың білім беру (оқу)-
сауықтыру орталықтары (кешендер).».

2. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің

үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шартында:

2.1-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды көрсету;

ата-аналардың (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісімімен тәрбиеленушілермен психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге (қажет болған жағдайда).»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды көрсетуге.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды көрсетуге;

ата-аналардың (немесе заңды өкілдердің) жазбаша түрдегі келісімімен білім алушылармен психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге (қажет болған жағдайда).».

3. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22857 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарына және олардың аумағына енгізуге тыйым салынған заттар мен заттардың тізбесінде:

1-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«3) оқ-дәрілер, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, оның ішінде:

жарылғыш заттардың немесе құрылғылардың көшірмелері немесе имитаторлары, аэрозольдық бояулар, скипидар;

фейерверктер, кез келген нысандағы жарық беретін зымырандар және пиротехникалық құралдар;

сіріңкелер, оттықтар (білім беру ұйымының аумағында орналасқан жатақханаларда пайдалану жағдайларын қоспағанда);

құрамында улы және мия тамыры бар газ баллондары (көзден жас ағызатын, бұрыш);

психикаға белсенді әсер ететін заттар;

темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, электрондық тұтыну жүйелері (вейптер), электрондық тұтыну жүйелеріне (вейптерге) арналған хош иістендіргіштер және оларға арналған сұйықтықтар.».

4. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларында:

3 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«3. Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.»;

4-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«3) білім беру ұйымдарын психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандарының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (бұдан әрі – ПМПК) ерекше білім беру қажеттіліктерін оқытуда айқын қиындықтары бар балаларды тереңдетіп тексеру нәтижелері бойынша бағалауы;».

5. Күші жойылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.04.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 165 Тізбеге
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 12 қаңтардағы
№ 6 бұйрығымен
бекітілген

**Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-
педагогикалық қолдап отыру қағидалары**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 31) тармақшасына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібін реттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім алуға арналған арнайы жағдайлар – ерекше білім беру қажеттіліктері, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушы және түзете дамытушы бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар, онсыз білім беру бағдарламаларын адамдардың (балалардың) меңгеруі мүмкін емес;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар)-тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктері бар адамдар (балалар);

3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау;

4) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

2 - тарау. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібі

3. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруға:

1) білім алушыларды/ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы қиындықтарды анықтау және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау;

2) білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) педагогтері мен отбасыларына консультациялық-әдістемелік көмек;

3) білім алушыларды/ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде:

1) педагогтердің сыныпта (топта) білім алушыларға/тәрбиеленушілерге қатысты оқытуда жеке және сараланған тәсілдерді қолдана отырып;

2) білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандары жеке дамыту және түзете дамыту бағдарламаларын қолдана отырып;

3) білім беру ұйымы салалық мамандарды (сурдопедагог, тифлопедагог, клиникалық психолог) тарта отырып, сондай-ақ мүдделі органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім алушылар /тәрбиеленушілер, оның ішінде:

1) мінез-құлқында және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары бар (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар мен ата-аналар мен отбасы ішіндегі қатынастар);

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік мәдени сипатта кедергілер бар (әлеуметтік тәуекел отбасыларынан шыққан балалардың педагогикалық немқұрайлылығы, қоғамда бейімделу қиындықтары бар балалар (босқындар, мигранттар, қандастар отбасылары);

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, психикалық дамудың кешеуілдеуі және эмоционалды-еріктік бұзылулар) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жүзеге асырылады.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды:

1) осы Қағиданың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға/тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) оқыту/сабақ өткізу, факультативтер, пәндік үйірмелер қосымша сабақтар процесінде тәрбиешілер/педагогтер, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер;

2) пәндер бойынша оқытулар/сабақтар, факультативтер, пәндік үйірмелер және қосымша сабақтар процесінде мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі-ПМПК) ұсынымдары негізінде тәрбиешілер/педагогтер, сондай – ақ арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер жүзеге асырады.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың мазмұны келесі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды:

1) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу немесе жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыру түріндегі оқу жоспарлары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізу;

2) оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерінің өзгеруі (оқушының жетістігі). Бағалау әдістері өзгерген кезде бақылау тапсырмалары мен бағалау критерийлері білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және жүзеге асырылатын оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып таңдалады;

3) вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану. Оқыту әдістерін қолдану формасы немесе әдісі білім алушының жеке ерекшеліктеріне (тапсырмалардың көлемін, санын азайту, тапсырмаларды орындау уақытын қысқарту немесе ұлғайту, оқу тапсырмаларын жеңілдету, қысқа және қадамдық нұсқауларды қолдану, тапсырмаларды дауыстап айту, тапсырма үлгілерін, кестелерді, анықтамалық материалдарды және т.б. ұсыну). Баламалы оқыту әдістері мен технологиялары белгілі бір психикалық функциялардың (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылуынан туындаған нақты оқу қиындықтары бар оқушыларға қатысты қолданылады. Оқытудың балама әдістері мен технологиялары педагогикалық психологтар мен арнайы педагогтердің жеке дамыту жұмыстарында (жаһандық оқу әдісі, «Нумикон» әдістемесі бойынша санау жаттығулары, Монтессори жүйесі) қолданылады.

4) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды таңдау, жеке оқу-әдістемелік кешендерді дайындау. Көру қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы оқулықтар, жұмыс дәптерлері және басқа оқу құралдары қолданылады (үлкен баспа кітаптары; зағиптарға арналған Брайль қарпімен басылған оқулықтар; рельефтік сызбалар, диаграммалар, арнайы муляждар), тірек-қимыл аппараты (үлкен әріптермен жазылған рецепттер), есту (символдарды пайдаланатын оқулықтар (қолмен сөйлеу); субтитрлері бар бейнелер; оқу компьютерлік бағдарламалар), ақыл-ой кемістігі. Сәйкес үлгідегі арнайы мектептер үшін шығарылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер;

5) оқыту нысанын таңдау. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу: жалпы білім беретін топта/сыныпта, жалпы білім беретін ұйымның арнайы тобында/сыныбында немесе арнайы мектепке дейінгі ұйымда, арнайы

мектепте (ата-анасының келісімімен және ПМПК, үйде (дәрігерлік консультациялық комиссияның (ВКК) қорытындысы бойынша);

6) кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу орнын бейімдеу: 1) қозғалысы шектелген (мектепке тасымалдау, пандустар, қоршаулар, көтергіштер, лифт, арнайы жабдықталған кабинет) орын (үстел, орындық), жалпы аумақтар (дәретхана, асхана), 2) көру қабілеті нашар (соқырлар, нашар көретіндер): тактильді жолдар, тактильді индикаторлар, қоршаулар, 3) есту қабілеті нашар (көру) үстелдер, дыбыс күшейтетін жабдық). Оқу орнын бейімдеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктертеріне (дене ерекшеліктері (есту, көру), мінез-құлық ерекшеліктері) байланысты оқу ортасын бейімдеуді көздейді;

7) «Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32984 болып тіркелген) сәйкес алынған мүмкіндігі шектеулі (тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу бұзылыстары бар) білім алышулар үшін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын пайдалану.

Арнайы жағдайлар жасау үшін білім беру ұйымдары техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын, дамыту құрал-жабдықтарын «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес сатып алады және пайдаланады.

8) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) ПМПК қорытындысы мен ұсынысы негізінде жүзеге асырылады.

8. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымының Жарғысына, білім беру және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, осы Қағидаларға, білім беру ұйымы мен ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ата-анасы арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру педагогтері білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.

9. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең:

Жалпы білім беретін білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады және ережені бекітеді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандарының құрамы мен лауазымдық міндеттерін бекітеді, пәнаралық негізде педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуіне жағдай жасайды.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және білім алушыларды/тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесінде тәрбиешілердің/педагогтердің, мамандардың және ата-аналардың өзара іс-қимылын реттейді, психологиялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын мамандардың құжаттамаларын жинау мен қалыптастыруды бақылайды.

Сынып жетекшілері / кураторлары пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогімен бірге баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, сабақта және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалды-психологиялық климатқа жағдай жасайды.

Білім беру ұйымының педагогтері білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделерін, бейімділігі мен қажеттіліктерін зерделейді, білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу бағдарламаларын меңгерудегі қиындықтарын анықтау мақсатында оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді, ата-аналарға және өзге де заңды өкілдерге кеңес береді, білім алушылардың /тәрбиеленушілердің, оның ішінде адамдардың (балалардың) жеке

ерекшеліктеріне қатысты кәсіби этика мен құпиялылықты сақтайды) ерекше білім беру қажеттіліктері бар, қажет болған жағдайда кеңес алу үшін психологтарға, әлеуметтік педагогтерге немесе білім беру ұйымының арнайы педагогтеріне жүгінеді.

Педагог-психологтер білім алушыларға/тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді, білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік педагогтер білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін анықтайды, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды, білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.

Екінші кезең:

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту және түзет дамыту бағдарламаларын, психологиялық-педагогикалық қолдау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімін бекітеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отыру нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, білім алушының оқу

жетістіктерін талқылауға қатысады, мүмкіндіктері шектеулі тәрбиеленушілерді /білім алушыларды сыныптан тыс және бос уақыттағы іс-шараларға қосады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке қолдап отыру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында педагог-ассистенттерді білім беру ұйымдарына ротациялауды жүзеге асырады.

Білім беру ұйымының педагогтері оқу бағдарламаларын бейімдеуді орындайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқыту және жетістіктерін бағалау процесін даралайды, білімдегі, іскерліктегі, дағдылардағы олқылықтарды толтырады, оқулықтарды, оқу материалдарын таңдайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) психикалық және адамгершілік денсаулығы, дамуының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, эмоционалдық дене шынықтыруды сақтау мақсатында оқытуда /сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда жайлылықты, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады.

Педагог-ассистент ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарда (балаларда) оқытуларда/сабақтарда мінез-құлық ережелерін және жеке сүйемелдеу арқылы дербес оқу қызметін орындау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Психофизикалық дамуы мен мінез-құлқы бұзылған білім алушыларға тұрақты негізде педагог-ассистент қызметтерін ұсыну ПМПК ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру отырысының шешімімен сыныпта жеңіл мінез-құлық проблемалары мен бейімделу қиындықтары бар білім алушыларға педагог-ассистенттің қызметтері тек төрттен біріне ұсынылады. Педагог-ассистенттің көмегіне одан әрі қажеттілікті ПМПК айқындайды.

Педагог-психологтің немесе Әлеуметтік педагогтің көмегіне деген қажеттілік білім беру ұйымын психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бағалаумен анықталады.

Арнайы педагогтер, педагог-ассистент мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалауға, психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, жеке дамыту және түзете дамыту бағдарламаларын жасауға қатысады және қатысады, жеке, топтық, кіші топтық дамытушы сабақтар өткізеді.

10. Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала) сабақтарды өткізу үшін арнайы педагогтер ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) дамуындағы бұзушылықтардың бірегейлігі қағидаты бойынша біріктіреді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін аптасына жеке, кіші топтық, топтық сабақтардың саны оның жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді.

11. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) түзету компоненті шеңберінде арнайы педагогтер әзірлеген түзету-дамыту бағдарламалары негізінде жүргізіледі.

Білім алушыларға/ тәрбиеленушілерге, оның ішінде осы Қағидалардың 5-тармағының 1 және тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің мамандары әзірлеген жеке-дамыту бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін жеке, кіші топтық және топтық сабақтың ұзақтығы 35-тен 45 минутқа дейін, мектеп жасындағы балалар үшін 45 минутты құрайды.

12. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жеке, кіші топтық, топтық сабақтарды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің мамандары өткізу үшін «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған кабинеттер көзделеді.

13. . Балаға қажет психологиялық-педагогикалық қолдаудың көлемі мен мазмұны оқу жылы ішінде бірнеше рет өткізілетін ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес келеді.

14. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдай жасау үшін білім беру ұйымдарында арнайы топтар/сыныптар құрылады.

15. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушыларды/тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады.

16. Психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету процесін бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі нормативтік құқықтық актілердің, білім беру процесіне қатысушылардың қызметтік міндеттері негізінде жүзеге асырады.

17. Мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық қолдап отыру педагогтерінің аптасына нормативтік оқу жүктемесі «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 24 сағатты, орта білім беру ұйымдарының аптасына 16 сағатты құрайды.

Педагог – ассистенттердің айына тарифтік ставкалар (лауазымдық айлықақылар) аптасына нормативтік оқу жүктемесіне сәйкес төленеді және олардың астрономиялық сағаттарда баланы алып жүруге жұмсалған жұмыс уақытының шығындарына сүйене отырып белгіленеді. Оқытулар/сабақтар арасында көзделген қысқа үзілістер (үзілістер) педагог-ассистенттің жұмыс уақыты болып табылады.

Жалпы білім беретін ұйымдағы логопедтің (логопед-мұғалімнің), психологтың (педагог-психологтың), арнайы педагогтың (дефектологтың) 1 ставкасына ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) саны 12-14 баладан аспайды

18. Педагогтердің қызметін үйлестіру және психологиялық-педагогикалық қолдап отыру бойынша әдістемелік көмек көрсету үшін жалпы білім беру ұйымдарының базасында білім беруді басқару органының бұйрығымен облыстық (қалалық, аудандық) инклюзивті тәжірибені дамыту және тәжірибе алмасу ресурстық орталықтары құрылады.

19. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесінің қатысушылары Әкімшілік, педагог кадрлар (мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог (педагог-психолог), логопед (мұғалім-логопед), арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент), білім беру ұйымының қызметкерлері, тәрбиеленушілер/білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар)

және олардың ата-аналары (занды өкілдері) болып табылады. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы білім беруді/тәрбиелеуді ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

20. Әкімшілік білім алушыларды/ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырады, білім беру процесіне барлық қатысушылардың толерантты мінез-құлық мәдениеті негізінде қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз етеді, балалар туралы дербес ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

21. Педагог-психологтер, білім беру ұйымдарының педагогтері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша тиісті кәсіптік-педагогикалық даярлыққа ие, осы Қағидаларға сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды және балаларды кәсіптік деңгейде оқытуды /тәрбиелеуді, «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген), білім беру ұйымының жарғысында, ата-аналарымен (занды өкілдерімен) жасалған шартта жүзеге асырады.

22. Әкімшілік пен оқытушылар:

1) педагогикалық практикаға психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізеді;

2) тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауды жүзеге асырады;

3) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының жұмысына қатысады;

4) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мәселелері бойынша біліктілігін арттырады;

5) санатты арттыру мақсатында аттестаттаудан мерзімінен бұрын өтеді;

6) мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы стипендиялар түріндегі психологиялық-педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін моральдық және материалдық көтермелеу алады.